

Мағжан Жұмабаевтың әсерлі сезімге толы, ойға толы өлеңдері қалың оқырманды әлі де өзінің сұлулығымен көркемдігіне, лиризміне тек тәнті етумен келеді. Мұның себебі ақын өлеңдерінің табиғатындағы мазмұн мен пішіннің тең үндестігінен. Тек көркем сөзге ерекше ынтық әдебиет әлеміндегі ойдың ортасынан сүбелі орын алып қоймай, сөз өнерінің әсемдігін тағы бір қырынан түйіндейтін, талдайтын, өзге тілдегі көрінісіне баға беретін аударма өнерінде де талданып, зерттелініп келеді.

Мағжандай ірі ақынның дара ойларын, сезім селімен жуылған ой - өрнектерінің екінші тілге аударылуы аудармашы – ақынның алдына үлкен міндеттерді артатыны анық. Ақынның өміршең, мәңгілік әуені қай тілге қалай аударылып жатқандығы жайлы пікір де, зерттеу де сүбелі. Мағжанның қай өлеңі болмасын оқырманның сезімін сілкіндірмей қоймайды, мол әсерге бөлемей қалмайды. Біз ақынның шебер ақын-аудармашы Ә.Қодардың аударуындағы «От» өлеңінің төңірегінде ой ербітпекпіз.

А.Давыдовтың «Когда я читаю Магжана...» [1] атты мақаласындағы мынадай сын-ой Мағжанның бүкіл шығармашылығының болмысына берілген шынайы баға: «...Мағжан еркіндік пен дара тұлғалықтың жыршысы болды. Еркіндікті аңсаған, терең бірегейлік мазмұнын арқалаған Мағжан поэзиясы қазақ әдебиетінің әлем әдебиетінен орын алуына бастады. ...Мағжан түп – тамырымен ұлттық мәдениеттің тереңіне кетті.»

Осындай ұлы ақынның шығармаларын өзге тілге аударуға да көп талантты ақындар қызыға кірісті. Солардың арасынан Мағжан өлеңдерінің орыс тілді оқырмандарға жеткізудегі Ә. Қодардың еңбегін атауға болады. Қос тілде тең ойлау машығын меңгерген талантты ақынның жалпы қазақ аударма өнеріндегі орны да ерекше. Бір ғана «От» өлеңі арқылы оның терең аударма мәтін тудыруда жақсы жетістікке ие ақын екендігі аңғарылады.

Жалпы Мағжан өлеңдерінің өн бойына таратылып жатқан асқақтықты өлеңіндегі өңге сипаттарынан биік қоймасақ та, Мағжанның ақындық стилін, мәнерін, айшығын тек осы арадан таба аламыз. Ендеше аудармада ақынның стилі, мәнері тіпті көркем шығарманың бүтін мазмұны мен пішіндік әсем сипатын өз деңгейінде беруде аудармашы еркіндікке бой алдырса да, анық сезіліп тұруы тиіс, сақталуы әбден керек.

Ақынның ақындығы оның сөз саптауындағы, талғауындағы, сол сөздерді терең оймен аптап, үндестіре, үйлестіре құрай ала, ерекше мәнермен құрауында болса, ақын стилі дегеніміз осыдан туады. Осы тұрғыдан келсек аудармада автордың мәнеріне қиянат жасалмауы, басқаша айтсақ, төл туындының табиғатына абаймен жол табу - аудармашыдан асқан шеберлікті талап етеді. Мұны аудармадағы *бүтіндік* десе болады.

Осы ойлар арнасынан Мағжанның бір өлеңінің аударылуын талдап көрелік:

«Күнге ғана бағынам» - Мағжанның «От» өлеңіндегі дінгек ой. Осы ой Ә.Қодар аудармасында «Предан солнцу душой» - деп берілген. Мұнда Мағжан өлеңіндегі «бағынам» сөзі арқылы беріліп тұрған күштілікті мойындау мәні бар. Ол аудармада Күнге жанымен берілу, тәңірісіндей табыну, яғни өзге дүниеге айырбастамау мәніндегі оймен өрілген. Мазмұн үндестігі де, сөз таңдау да сәтті шыққан. Осы шумақтағы 3,4- жолдар бір нәрсені жай баяндаудан гөрі кең мағынасындағы «Өзін» Оттың *жалын, жарық, ыстық* сипаттарына балауға құрылған. Күн мен Оттағы үндестіктің әсемдігін аңғара, сол үйлесімділік сипатынан өзінен, сөзінен, тіпті қысық қара көзінен де көрінетін тереңдікті аңғартады. Мағжандағы осы асқақ ойдың аудармадағы сипаты :

«Узких глаз моих взор, Искрометен и скор» , - деп берілген. Егер осы жолдарды алдыңғы жолдардағы оймен желісін үзіп алсақ, Мағжанның әсерлі, терең суреті, ақынның мінезі сәл көмескіленгендей әсер береді.

Бүкіл өлең болмысын аңғарып қарасақ, әр шумақтың соңғы үш жолы жалынды, отты пікірлердің қорытындысы екендігін байқаймыз:

Өзіме - өзім табынам

Жерде жалғыз тәңірі – от

Оттан басқа тәңірі жоқ (2: 38 б;)

Осы жолдар Ә.Қодар аудармасында былай:

Я люблюсь собой

На земле одинок

Лишь один только Бог. (3: 161 б;)

Мұнда Мағжан ойының мазмұны дәл және анық берілген. Сонымен бірге ырғақ, әуен де түпнұсқаға сай. «Я люблюсь собой» деген жол Мағжанда жоқ. Ал Мағжан өлеңіндегі «Оттан басқа тәңірі жоқ» деген қатар От қана өзінің тәңірісі екендігін білдіретін «Лишь огонь только Бог» деген жолға сыйдырылған.

Мағжанның барлық өлеңдерінде кездесетін жай - ондағы сөздерге қаратпалық мәнің беріліп отырылатындағы. Бұл Мағжан өлеңінің өзіндік ырғағын, мақамын қалыптастырған. Мәселен, ...Мен де отпын – мен жанам. От – сен, тәңірім, табынам. Осында отқа *сен* есімдігін қолдана отырып, оттың кейпін айқындай түседі де, оны тәңірісіне баламайды, тәңірісі екендігіне сендіреді. Мағжанның осы батыл мәнері Әуезхан аудармасында төмендегі жолдармен берілген:

Его имя – Огонь.

Так зовут и меня,

Я – поклонник огня.

Аудармадағы «поклонник» сөзі Мағжан өлеңіндегі «*тәңірі*» және «*табынам*» деген сөздерге байланысты қолданылып тұр. Жалпы мағына бұрмаланбай жеткен. Аудармашы – ақын Мағжан өлеңінің мақамын сақтап қалуға тырысқан, дегенмен, Мағжандағы өткірлік бәсеңдеген. *Мен де оттанмын, мен жанам*, - деген жол аудармадағы өлең өлшемінің өзгеруіне байланысты, Его имя -Огонь,- деген қатармен жалғасып, «Так зовут и меня» деп келтірілген. Жану тән оттың басты сипаты жоғарыдағы

қатарда көрінген. Мағжанның «мен жанамы» осы қатарға сыйған, тек мәнер толық жетпей тұр. Мағжан өлеңінде оттың керемет сипаттарын өз кеудесінің жалынын көрсету үшін, қасиетін көтере түсу үшін оған қатысты *әулием, ием, құтым, жылан, аждаһа, иманым, арым, жүрегім*, - дейтін сөздерді қолданады және бұл сөздерді біз Мағжан өлеңінің идеясын берудегі жетекші мәндегі сөздер деп қабылдауымыз керек.

Ендеше аударма мәтіннен оқырман түпнұсқадағы автордың ойын осындай сөздер арқылы сезінбек. Сондықтан осы сөздердің аудармадағы берілуін байқап көрейік: «*Божества, святыня*» деген сөздер. Төртінші шумаққа назар аударайық: Бұнда жылан, аждаһа сөздерінің мәнін екі жақты түсінуге болады: «*Оттың жыланды арбайтыны, аждаһаны жалмайтыны*». Сонымен бірге «*оттың жыландай арбайтыны, аждаһаша жалмайтыны*». «От» ұғымының символикалық сипаты Мағжан өлеңдерінде тағы бір символ деуге келмесе де, ақынның жан – дүниесінің күй – ырғағын танытып отыратын «жел» ұғымымен үндестік тапқан. Оттың өршелене жануы, лапылдауы, жалындауына жел ұйытқы. Осы өлеңін оқып отырғанда оттың шарпуын, жалынын қаншалықты сезсең, осы жалынның шын мәнінде Мағжанның бойындағы, жүрегіндегі, тіпті қысық көзіндегі жалын екенін аңғару қиын емес.

«*Қысық көзім*» деген тіркестің бірнеше рет қолданылуында мән бар. Қазақтың ақыны қазақтың баласының бойындағы жалынды отты нұсқап тұр. Кез – келген дүние – болмысы қазақ жан өлеңді оқыған кезде рухтанары сөзсіз. Ал аудармада түпнұсқа мәтінің жалпы мазмұны жақсы берілуі бір басқа да, ұлттық – мәдени болмысты сипаттайтын жайларды жеткізу бір басқа. «*Быстроглаз я как он*» деген Әуезхан аудармасынан Мағжанның «*қысылған қара көзім де от*» деген жолдағы әсерді жеткізіп тұр деу қиын. Соған қарамастан аудармада Мағжан өлеңіндегі асқақтық белгілі бір деңгейде көрінген. Осы арада мынадай нәрселерге ерекше мән берген жөн: Дәл осы шумақта *мен* есімдігі өзгерген тұлғаларда төрт рет және *өзім* деген есімдік тіркесіп тағы қолданылады, ал ол бұл аудармада екі рет қолданылады. Мағжанда От пен Өзі бір боп кеткендік бар, ал аудармада «*Моя прямая родня*» делінеді, яғни бір туғандық мағынасы. Мазмұн жақын да, әсер әлсіздеу. Мағжан «*Оттан туған баламын*» дегенде ол от - сезім оған қанымен келгендігін нұсқап тұр. Осы орайдан келгенде кейде ақынның асқақ сезімді ойын жеткізуде сөзбе– сөзділікті сақтау машығынан сәл алыстаған да жөн. Мәселен, «*Огонь – я, рожденный от огня*» десе, «*Быстроглазый как он*» немесе «*Огнебога дитя*» дегеннен гөрі әсерлірек шығар еді.

Мағжанның дәл осы өлеңі Н. Чернова тарапынан да аударылған. Қалай дегенмен де Ә. Қодар аудармасы қай өлеңінің аударылуында болсын ең сәтті тапыныс десе болады. Аудармашы – ақынның Мағжан өлеңінің тереңіне бойлай алғандығы көрінеді. Жеңіл оқылады, түпнұсқадағыдай ырғақ әсем.

Тағы бір айтатын жай – Мағжан өлеңіндегі дыбыстардың керемет үндестігі. Бұл тек қазақ тілінің өзіне ғана тән ерекше әсерлі табиғатынан. «От» сөзінің өзі сезімді сілкіндіреді. Ал орыс тіліндегі «огонь» - жұмсақ әсерлі сөз. Мағжандағы осы сөздің өзінің бір шумақта бірнеше рет

қолданылуы өлеңнің әсерлілігін арттыра түсу үшін аса қажет. Ал аудармада осы сөз дәл осы шумақта бір- ақ рет қолданылады. Сөздің сөзге сәуле түсіретін қасиетін ескерсек, Ә.Қодар аудармасында мән – мағына ашық, айқын, тіпті өте дәл болғандығына қарамастан әсердің аздығының себебі осы да.

«жүрегімді, жанымды,
иманымды, арымды
жалынменен жуғанмын», - дей келе:

«жүрегім де, жаным да от
иманым да, арым да от»,- деп тиянақтайды.

Осындағы мазмұнның бар асылын жинап тұрған сөздер: *жүрек, жан, ар, иман*. Және бұл сөздер екі реттен қолданылады. Мазмұнның мәні арта түсу үшін Мағжан осылай жасаған., тіпті бұлай қолдану – ақынның мол әсердегі қалпын ғана көрсеткен күнде де, мән – жайды ұғынатын сауатты оқырман Мағжандағы осы жайды аңғармай қалмайды.Енді аударма мәтінді оқып көрейік:

Я зарею рожден
Я и сердцем – в зарю,
Я и верой горю,
Солнцу лишь мой поклон.

Иманын, арын, жанын, жүрегін оттың жалынымен жуу – тазалыққа, пәктікке меңзеу, тіпті осы тазалық оттың жалынының жойқын күшінің әсерінен шығатын бүтін тазалық сипат деп ұғуға бастайды. От боп жанған жүрек, жалынды ыстық жан, жан – сарайының түкпірінен шығатын от нәрінен дарыған сәуле – иман, болмыстың бүтіндігінің белгісі - нұрлы ар. Терең мәнді ұғымдар асқан терең тұңғыық терең үндестікті тудырады. Осындай қазақ сөзінің құдіретті үндестігін осы тілден басқа ешбір тілдің бере алмайтынын ескерсек, Ә.Қодардың жоғарыдағы аударма үлгісі мазмұн жағынан түпнұсқа тілдің үлгісіне жақын тұрғандығын айту керек. «*Солнцу лишь мой поклон*» жолы иман, ар, жүрек, жан дейтін адам болмысындағы ерекше тағзымға лайықты қасиеттері – ол отпен үйлесімділік тапқанда, одан да ұлғаятынын «Күн» - яғни, отты құбылысқа балауы - өте ұтымды балама.

Мағжандағы «*қараңғылық – дұшпаным*» деген жарыққа қарама – қарсы ұғымға деген ақынның айбатты қарсылығы көрінген жол Ә. Қодарда «*Я со мглою вражде*» деп ақынның метафоралық сөз ойнатымын бұзғанмен, мазмұн, реңк, әсер түпнұсқа ойымен жақындық тапқан.

Тас қараңғылықтың тас қараңғы көзі тек Мағжандай ақын ғана айта алатын керемет кейіптеу. Дәл осы эпитетпен әрлене түскен қараңғылық кейпі Ә.Қодар аудармасында өкінішке орай көрінбеген. Тек «пролетал я везде, пролетал как стрела, чтобы не было зла»,- деген жодармен жеткізілген. Оттың оқ боп жауыздықтың болмауы үшін барлық жарде бар болуы, ал қараңғылыққа зұлымдық ұғымы балама ретінде алынған.

Қазақ өлеңін өзге тілдегі аударылуындағы басты ұстаным ретінде ғалым Н. Сағандыкова мынадай ой айтады: «Поскольку музыкальность народа выступает как одна из характерных национальных черт, то этот

феномен не должен выпадать из поля зрения исследователей, теоретиков и практиков перевода. То есть одним из важнейших компонентов должна выступать мелодика казахского стиха, при его интерпретации на другие языки народов мира». (4; 72 – 73 беттер.)

Ал С.В. Тюленов жалпы көркем мәтіннің маңызды бір сипатын былайша түйеді: «Художественные тексты являются носителями особой эстетической информации» (5; 254 б;)

Ғалымдардың жоғарыдағы айқын анықтамаларына сүйеніп, мынадай ой айтуға болады: яғни, кез келген тілдің өзіндік өрнегі, әуезі содан көрінетін эстетикалық әсері болады. Ал нағыз шынайы аударма көркем туындыны аудару барысындағы осындай маңыздылықтарды толығымен ескергенде ғана туатынын ескерсек, Мағжандай талғамы да, танымы да терең сыршыл ақынның ойлы мәнерінің өзге тілге аударылуында ескерілетін негізгі жайлардың бастылары да осылар болуы керек.

Мағжанның аталған бір ғана өлеңіне талдау жасау барысында мынадай ой түйіндеуге болады:

Көркем туындының бір тілден екінші тілге аударылуы - өте күрделі процесс. Мұнда автор мен аудармашы тұлғасы, ой түйюі, болмысы, жан - әлемі, қабылдауы, ойды берудегі сөздерге деген талғампаздығы, екі ақынның да стилі, машығы өз көрінісін тауып жататын күрделі дүние. Аударма мәтінге талдау жасағанда осылардың ескерілетіні сондықтан. Аудармашының көркем мәтінді аудару процесіндегі ұстанған позициясын аңғару – аударма мәтінді талдаудағы тағы бір басты тіректердің бірі болуға тиіс. Сонымен бірге аударылған шығарма – аудармашының белгілі бір дәрежедегі өзіндік қолтаңбасы байқалатын шығармашылығының жемісі де болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде Мағжанның «От» өлеңіне қатысты Ә.Қодардың аудару шеберлігіне байланысты ойлар төмендегіше өрбімек:

Ә.Қодар – қос тілді ақын. Осы нәрсенің Мағжан өлеңдерін орыс тіліне аударуында өзінің екі тілдегі теңдей машығы ақынның шеберлігімен ұштасқанда, Мағжанның асқақ сезімді өлеңдерінің сырын, дәлірек айтсақ, Мағжанның адамдық болмысын жоғары деңгейде өзге тілде жеткізуде көмектескен жетекші фактор екені анық. Түпнұқсқа тіл мен аударма тіл табиғатындағы өзіндік ерекшеліктерге қарамастан Ә.Қодар жасаған Мағжан өлеңінің орысша мәтіні жоғары бағаға лайық еңбек екендігінде шүбә жоқ.

Аударма тіліндегі оқырман Мағжанның аударма өлеңінен Мағжанның өз өлеңін оқығандағыдай әсерді ала алды ма? Осы сұрақ аударма үшін қашанда маңызды. Ендеше, Мағжанның бір ғана «От» өлеңінің Ә.Қодар аудармасындағы нұсқасын көңіл қуантатын сәтті туынды деп есептеуге болады.

Ә.Қодардың аудармашылық шеберлігіне көз жеткізе келе, мынадай ой түйеміз: ол - оқырманға Мағжан өлеңіндегі жалынды сезіну мүмкіндігін бере алған ақын. Ең бастысы аударма өлеңді қазақ тілді де, орыс тілді де оқырманның ерекше ықыласпен қабылдағандығында.

Қолданылған әдебиеттер:

1. А. Давыдов, «Когда я читаю Мағжана» мақаласы. (Жумабаев М. Перевод А.Кодара. – Алматы: Ассоциация «Золотой век», 2006 г. кітабынан)
2. Әуезхан Кодар, Зов бытия. Алматы, 2006.
3. Мағжан Жұмабаев, «Сүй, жан сәулем», Алматы, «Атамұра» 2002 жыл.
4. Нағима Сағандықова, Основы художественного перевода, Алматы, «Санат», 1996.
5. С.В. Тюленов, Теория перевода Москва: Гардарики, 2004.

Резюме

Мастерство А. Кодара при переводе стихотворения М. Жумабаева. Особенности перевода стихотворения «От», в которой передается глубокие мысли и возвышенные чувства поэта.

Summary

The mastery of A. Kodar in translation of M. Zhumabayev's poems. Especially in translation of the poem "Ot" where the deep thoughts and lofty feelings.

Özet

Bu makalede çevirmen A Kodar'ın Mağcan Cumabay'ın "Ot (Ateş)" şiirinin düşünce derinliğini Rusçaya çevirisindeki hedef dilden amaç dile iletmesi ve çeviri metotları ele alınmaktadır.